

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

2. Соглашение о Коллективных силах оперативного реагирования Организации Договора о коллективной безопасности. - // Бюллетень международных договоров Республики Казахстан. – 2010. - №6. – С.290-307.
3. See: The National Security Strategy of the United States of America, March 2006. – Washington: the White House, 2006. - P.39-40 - <http://www.whitehouse.gov/nsc/nss/2006/>.
4. Бжезинский Збигнев. Великая шахматная доска. Господство Америки и ее геостратегические императивы. – М.: Международные отношения, 1998. – С.178

ӘОЖ 327(574+4)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕН ЕУРОПАЛЫҚ ОДАҚ: ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҰНТЫМАҚТАСТЫҚ

Тлектесова Айгерим Бауыржановна

t-aigerima@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Халықаралық қатынастар факультетінің Аймақтану
кафедрасының ІІ курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Букешева Г.К.

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасы геосаяси тұрғыда өте маңызды және серпінді ойыншы болып отыр. Өзінің тәуелсіздігін алғаннан кейін сыртқы экономикалық және саяси қатынастардың дербес субъектісі бола бастады. Біздің мемлекетімізбен ірі державалар мен экономикалық ұйымдар жақсы қарым-қатынас орнатуға және оны дамытуға ұмтылады. Олардың қатарына Ресей Федерациясы, Қытай Халық Демократиялық Республикасы, АҚШ пен Еуропалық Одақты жатқызуға болады.

Шикізат пен ресурстарға бай Қазақстан, сонымен қатар, халықаралық аренадағы басты ойыншылар тарапынан экономикалық тартымдылыққа ие. Бұл сауда жолдарының қиылысуы және шикізатты жаңа нарыққа шығарумен байланысты. Өйткені Қазақстан Шығыс пен Батысты байланыстырушы көпір ретінде мойындалып отыр.

Еуропалық Одақ жөніндегі Келісімге сәйкес Еуропалық қауымдастықтың әлеуметтік саясатының мақсаттары: жұмыспен қамту, өмір сүру мен еңбек жағдайын жақсартуға жәрдемдесуді өзара үйлестіру, сондай-ақ кәсіпкерлер мен еңбекшілер арасындағы диалог, нақтылы әлеуметтік қорғау, кедейленумен күрес, жұмыспен қамтудың жоғары дәрежелі жағдайына қолайлылық туғызу" [3, 324 б.].

Қазақстан мен Еуропалық одақтың екіжақты қарым-қатынасы тәуелсіздік жылдарынан бері нәтижелі дамып келеді. Біздің елдеріміздің арасындағы сауда-экономикалық айналым айтарлықтай жоғарылады және халықаралық саясат, қауіпсіздік, қорғаныс салаларындағы ынтымақтастық биік деңгейге жетті. Қазақстан жер байлығының, ауыл шаруашылығының арқасында ЕО-ның Орта Азиядағы негізгі және маңызды әріптесіне айналды.

Халықаралық қатынастардың қазіргі жағдайын есепке алғанда Қазақстан Республикасы сыртқы саясатының еуропалық векторы төмендегідей экономикалық бағыт бойынша жүзеге асырылады:

- 1) Республика экономикасын нығайту, әлеуметтік және экологиялық мәселелерді шешу үшін, еуропалық капиталды тарту;
- 2) Сауда-экономикалық байланыстарды нығайту;
- 3) Жеке сыртқы саясатты анықтауда және жүргізуде Еуропалық Одақтың интеграциялық тәжірибесін пайдалану.

1993 жылғы 2 ақпанда Қазақстан Республикасы мен Еуропалық Одақ (ЕО) арасында дипломатиялық қарым-қатынастар орнатылды.

1993 жылғы желтоқсанда ҚР-ның Брюссель қаласында ЕО жанындағы өкілдігі ашылды. Ал 1994 жылғы қазанда Алматы қаласында Еуропалық Комиссияның өкілдігі ашылды.

Қазақстан мен ЕО арасындағы экономикалық қарым қатынастың дамуының негізгі кезеңдері:

- 1995-2005 жж. –бірінші онжылдық
- 2006-2010 жж. – негізгі экономикалық келісімшарттар
- 2011-қазіргі таңға дейінгі кезең.

Еуропалық Одақ – Қазақстанның ең негізгі саяси және экономикалық әріптестерінің бірі болып табылады. Еуропалық Одақ пен Қазақстан арасындағы осы қарым-қатынастардың іргесін қалаушы құжат — 1995 жылы қол қойылып, 1999 жылы күшіне енген ЕО мен Қазақстан арасындағы «Ынтымақтастық пен Серіктестік жайындағы Келісім» болып табылады. Құжат 9 бөлімнен 287 баптан, сауда бөлігіндегі жеті қосымшадан тұрады әрі ынтымақтастықтың барлық бағытын қамтиды.

ЕО мен Қазақстан арасындағы сауда-экономикалық қарым-қатынастар 1999 жылғы «Әріптестік пен ынтымақтастық туралы келісіммен» реттеледі. Бұл құжат преференциалды емес сауда туралы келісім жасауды көздейді, оған сәйкес тараптар бір-біріне кеден тарифтеріне қатысты ең қолайлы жағдай режимін (MFN) ұсынады және екі жақты саудада сан шектеулерін енгізуге тыйым салады. Сондай-ақ келісім ұлттық заң актілері мен практикаларын техникалық нормаларды, санитарлық және фитосанитарлық талаптарды, зияткерлік меншік құқықтарын қорғауды және кеден мәселелерін қоса алғанда, сауда саласындағы Еуропа Одағының стандарттарына сәйкес келтіруді көздейді.

Қазақстан Республикасы мен Еуропалық Одақ арасындағы тағы бір негізгі құжаттардың бірі 2007-2013 жж. «Орталық Азия бойынша ЕО Стратегиясы». Бұл стратегия бойынша Орталық Азияның әр еліндегі бағдарламалар мен жобаларға 719 миллион евро көлемінде инвестиция көзделді. Өңірлік бағдарламалар Орталық Азияда өңірлік ынтымақтастықты және тату көршілік қатынастарды дамытуға бағытталған.

Қазақстан мен Еуропалық Одақтың арасында энергетикалық саладағы ынтымақтастықты тереңдетудің мәні зор болмақ. Қазақстан президенті Нұрсұлтан Назарбаев: «Біздің еліміз ОПЕК-ке мүше елдерден кейін Еуропаға энерготасымалдаушы Ресей, Норвегиядан кейінгі үшінші ірі ел болып саналады. Еуропалық Одақтың бірқатар елдерінде қазақстандық мұнайдың үлесі едәуір мол. Мәселен, Румынияда ол – 30 %-ды, Австрияда 25 %-ды құраса, Швейцарияда біз 2-ші орын аламыз. Қазақстан сенімді және жауапкершілігі мол энергетикалық серігі ретінде бекітілді.

Энергетика саласында INOGATE бағдарламасы – бұл Еуропалық Одақ, Қара және Каспий теңізі жағалауындағы мемлекеттермен және олармен көршілес елдермен энергетикалық ынтымақтастықтың халықаралық бағдарламасы. Бағдарламаның мақсатына: энергия қорларының импорты/экспорты, жеткізілімдер диверсификациясы, энергетикалық транзит және сұраныс мәселелерін шешу арқылы энергетикалық қауіпсіздікті нығайту; энергия тиімділігін дамытуды қоса, энергия қорларын ұтымды әзірлеуді қолдау, жаңартылған энергия көздерін пайдалануға және сұранысты ұтымды етуге көмектесу; жалпы және өңірлік мүддедегі энергетикалық жобаларға инвестициялар тарту болып табылады.

Шағын және орта бизнесті дамыту саласында Еуропалық Одақтың “Central Asia Invest” бағдарламасы жұмыс істейді. Бұл Орталық Азия Елдерінің (Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Өзбекстан және Түрікменстан) тұрақты экономикалық дамуына ықпал етуге бейімді өңірлік бағдарлама. Сондай-ақ, бағдарлама осы мемлекеттердің нарықтары болашақта әлемдік экономикаға кірігу үшін еуропалық және Орталық Азия бизнес делдал-ұйымдарымен қатынастарды жолға қоюды қолдайды.

1999 жылдың шілде айында өткен ЕО мен Қазақстан арасындағы ынтымақтастық кеңесінің бірінші отырысында, сондай-ақ 1999 жылдың қарашасында өткен ынтымақтастық комитетінің отырысынан кейін Еуропалық Одақ және Қазақстан желтоқсан айында болат өнеркәсібі туралы келісімге қол қойды. Ол 2000 жылдың қаңтар айында күшіне енді. Сонымен қатар, 2002 жылдың 29-қарашасында ЕО штаб-пәтерінде Қазақстан Үкіметі мен Еуропалық Бірлестік арасында ядролық синтез саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды.

Қазақстан мен ЕО арасындағы қарым-қатынас қарқынды түрде дамып келеді. Бірнеше жылдардың ішінде (2000-2008жж) Қазақстанда Еуропалық Одақпен тұрақты оң сауда сальдосы болған. Төрт жыл бойы Еуропалық Одақ Ресей мен Қытайдан озып, Қазақстан үшін бірінші қатардағы сауда серіктесіне айналды. 2008ж ішінде Қазақстан мен ЕО арасындағы тауар айналымы 39млрд АҚШ долларын құрады және ол 2007ж.-ға қарағанда 42%-ға өсті. Қазақстан Еуропалық Одақпен стратегиялық энергодиалогын күшейтуге ынталы.

Соңғы онжылдықта ТАСИС жобалары экономикалық және әлеуметтік салаларда реформа жүргізді, шағын және орта кәсіпорындардың, банк жүйесінің дамуын ынталандырды. Қазақстан басқа да еуропалық бағдарламалардың мүшесі: ИНТАС, КОПЕРНИКУС, Ев-ропартенариат, ТЕМПУС, ТРАСЕКА, ИНОГЕЙТ және т.б. 1991 жылдан бастап ЕО Қазақстанға 300-ден астам жобаларға € 140 млн қаржы көлемінде көмек көрсетті. «ЕО-ҚР» қарым қатынастарының дамуы қазақстандық «Еуропаға жол» бағдарламасымен және Қазақстанның ЕҚЫҰ-дағы қызметімен нығайтылды. Осы тұрғыда, Қазақстан өзінің ЕО-пен тереңдетілген диалог жүргізуге дайын екенін көрсетеді.

Еуроодақ елдері біздің еліміздің экономикасына 40 миллиард долларға жуық тікелей инвестиция әкелді, ол Қазақстанға келген шетелдік тікелей инвестициялардың жалпы көлемінің жартысынан астамын құрайды. Дегенмен осы инвестицияның көп бөлігі отын-энергетика кешеніне салынды. Көлік, жаңа технологиялар, таза энергетика саласындағы іске қосылмаған резервтер бар екені айтылуға тиіс.[1]

Сонымен қатар, ұзақ уақыт бойы ЕО Ресей мен Қытайды озып Қазақстанның нөмірі бірінші сауда серіктесіне айналды. 2014 жылғы деректер бойынша елдің сыртқы саудасының 46,3% Еуропалық Одаққа тиесілі.

Қазақстан үшін ЕО-қа мүше елдерінің нарықтарының тартымдылығы келесіде: ол Қазақстаннан әкелінетін импортына қойылатын төмен кеден баждары. Жалпы, тауарайналымының құрылымы айтарлықтай өзгерістерге ұшырамағаны туралы айтып кеткен жөн. Отын, мұнай, қара металдар, минералды өнімдер, мақта, химия өнімі, құрылыс материалдары, және бидай қазақстандық кәсіпорындардың экспортында негізгі орын алып отыр. Ал Қазақстан ЕО елдерінен автокөлік(53,5%), дәрі-дәрмек, жиһаз, косметика, спирттік ішімдіктер, кондитерлік тағамдарды импорттайды.

2005 ж. – 2015 ж. қыркүйек аралығында ЕО елдерінен Қазақстан экономикасына келген тікелей инвестициялардың жалпы түсімі 107,4 млрд. АҚШ долларын құрады (барлық тартылған 218 млрд. АҚШ долларының ішінде). Негізгі инвесторлар: Нидерланды, Ұлыбритания, Италия және Франция.[2]

ҚР-ЕО өзара іс-қимылдың институционалдық жүйесінде негізгі рөлді ынтымақтастық кеңесінің жыл сайынғы отырыстары атқаруда. Мұнда жыл бойындағы мәселелер қарастырылады. 2015 жылғы наурызда Брюссельде ынтымақтастық кеңестің 14-ші отырысы өтті. Кеңестің шешімдерін жүзеге асыру мақсатында: сауда, инвестициялар, көлік және энергетика; сот төрелігі және құқықтық тәртіп жөніндегі ынтымақтастық комитеті қызмет етуде. 2016 жылы 10 наурызда Астанада «Қазақстан Республикасы-Еуропалық Одақ» ынтымақтастық комитетінің 15-ші отырысы өтті. Отырыс қатысушылары сауда, өзара инвестициялар, энергетика мен көлік саласын дамыту, қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ету және өңірлік ынтымақтастық сияқты өзекті мәселелерді талқылады.

Жақында, яғни, 2016 жылдың 30 наурызында Қазақстан президенті Нұрсұлтан Назарбаев пен Еуропалық комиссияның президенті Жан-Клод Юнкер арасында келіссөздер өтті. Келіссөздер нәтижесінде 2016 жылдың 1-мамырынан бастап Қазақстан мен ЕО серіктестік туралы кеңейтілген келісім қолданылатын боламыз деп мәлімдеді. [4]

Сондай-ақ, келіссөздер барысында Украинадағы мәселелер, Ресейге қарсы санкциялардың Қазақстан экономикасына өте үлкен әсер тигізіп отырғаны талқыланды. Екі тарап бұл мәселелерді Еуропа үшін де, Ресей үшін де тиімді шешуге уағдаласты, өйткені бұл мәселе Қазақстан үшін аландатушылық туғызуда.

Қорытындылай келе, Қазақстан мен Еуропалық Одақ арасындағы ынтымақтастық қарқынды түрде дамып келе жатыр деп айтуға болады. Олар көп жылдар бойы серіктестер

болып ортақ даму жолын ұстанған. Еуропа елдері Қазақстанның шикізат ресурстарына қызығушылығын білдірсе, Қазақстан осы заманғы технологияларға, машиналар мен құрал-жабдықтарға мұқтаж. Ең маңыздысы екі тарап та жеткен жетістіктерде тоқтамай ынтымақтастықты әрі қарай тереңдетуге және нығайтуға ұмтылады. Біз жаңа ғасырда, Қазақстан, сондай-ақ, Орталық Азия аймағы, әлемдік саясатта және экономикалық дамуда елеулі рөл атқаратын болады деп айта аламыз. Еуропалық Одақ пен Қазақстан арасындағы қарым қатынас әр түрлі салада болса да, біз бір ғана нәтижені күтеміз ол – өркендеу, гүлдену және өзара сенім.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. <http://e-history.kz/kz/contents/view/1293>
2. <http://www.mfa.kz/index.php/kz/aza-stanny-syrt-y-sayasaty/aza-stanny-yntyma-tasty-y/europa-oda-y-men-atynastar>
3. Сыдықов Е.Б. Қазақстан және Еуропалық Одақ.//Қазақстан Республикасының Сыртқы саясаты. -Алматы, 2012 ж.
4. <http://www.zakon.kz/4783567-es-i-kazakhstan-s-1-maja-nachnut.html>

УДК 304.4:(574+430)

КУЛЬТУРНОЕ СОТРУДНИЧЕСТВО КАЗАХСТАНА И ГЕРМАНИИ

Турсын Айгерим Уалиханқызы

baimuldina_aigerim@mail.ru

Магистрант 2 курса, ЕНУ им. Л.Н. Гумилёва, г. Астаны

Научный руководитель – профессор, д.и.н., Таштемханова Р.М.

Казахстан и Германия на сегодняшний день являются приоритетными и взаимовыгодными партнерами друг для друга. Стратегическое партнерство Казахстана и Германии уверенно набирает силу и размах, охватывая практически все сферы деятельности. Доверительность, конструктивность и предсказуемость - отличительные качества казахстанско-германских отношений, являясь выразителем культуры общения народов. Помимо совпадения позиций по основным вопросам внешней политики, безусловно, способствует гармонизации экономического социально-политического и гуманитарного потенциала в дружественных двусторонних отношениях.

С самого начала 1990-х гг. руководство Германии выступило за развитие двусторонних контактов с Казахстаном и другими государствами бывшего СССР с целью обеспечения необратимости их суверенитета и независимости. ФРГ считает Казахстан важным партнером в Центральной Азии. Цели немецкой дипломатии в отношении Казахстана прослеживаются достаточно отчетливо. В политической сфере - это более глубокая вовлеченность в дела Центрально-азиатского региона путем регулярного диалога с Астаной. В области экономики - массированное присутствие Германии на казахстанском рынке.

В целях укрепления сотрудничества в сфере культуры 2009 г. был объявлен годом Казахстана в ФРГ, официальное открытие которого состоялось 3 февраля 2009 г. в берлинском Концертхаузе. Начиная с этого времени, между странами были проведены 19 политических, 27 экономических и 54 культурно-гуманитарных мероприятий, которые сыграли значительную роль в сближении и укреплении взаимопонимания народов. Динамичная и толерантная эмиграционная политика Казахстана после обретения независимости создала еще более тесные отношения между двумя странами. Соглашение о проведении казахстанско-германского года и германско-казахстанского года, подписанное федеральным президентом Х.Кёлер и Президентом Казахстана Н.А.Назарбаев дал оновый импульс для более тесного культурного сотрудничества между двумя странами.